



Келісемін
Оқу ісінін меңгерушісі:

 Б.Омарбеков

***№ 21 жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын» пән
бірлестігінің 2022 – 2023 оқу жылындағы
құжаттары***

2022-2023 оқу жылы

1. Пән бірлестік ережесі

Әдістемелік бірлестік туралы ереже

I. Жалпы ережелер

Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді.

Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамында кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың санына, құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:

пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;

сабақ беру әдістемесін жетілдіру;

мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;

педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

I. Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;

- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек үстел, кеңестер, семинарлар т.б.;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;
- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу пәндерін өту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік ішінде және әдістемелік бірлестіктер арасында өзара сабаққа енуді ұйымдастыру;
- пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау.

III. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы.

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар тарапынан таңдалған төраға басқарады. Төрағаны БМ директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің төрағасы тарапынан құрылады, әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылады, директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыстың мерзімі, өтілу орны туралы төраға дер кезінде директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттама журналына жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік төрағасының қолымен бекітіледі.

IV. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары

- ӘБ төрағасын тағайындау туралы бұйрық.
- Әдістемелік бірлестік туралы ереже.
- Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
- Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жаңа оқу жылының міндеттері.
- ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
- ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерінің біліктілін көтеру кестесі.
- ӘБ мұғалімдерін аттестациялаудың перспективті жоспары.
- Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі.
- Оқу бағдарламалары.
- Пән апталықтарының жоспары.
- Жас маманмен жұмыс жоспары.
- Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары.
- Мектепшілік бақылау (анықтамалар, диагностика).
- ӘБ отырыстарының хаттамалары.

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес сұрауға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

VI. Әдістемелік бірлестік қызметін бақылау.

Әдістемелік бірлестіктің қызметі мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепшілік бақылау жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

ҮІІ. Әдістемелік жұмысының негізгі міндеттері

- Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Сабақтар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.
- Жас мамандарды кәсіби шыңдау.
- Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату.
- Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерін жалғастыру.
- Шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарқату. Білім беру процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және апробациялау, озат педагогикалық тәжірибені, оқытудың жаңа формаларын, әдістерін ендіру.
- Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты ұйымдастыру және өткізу.
- Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау

2. Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің міндеттері.

- пән бірлестігінің отырысын өткізу
- Пән бірлестігінің шешімі және ұсынысының орындалуы, құжаттардың жүргізілуі.
- Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысып, тәжірибелерінде қолдану.
- Пән апталығын өткізу және оған дайындық жүргізу.
- Конференция , семинар, дөңгелек стол, іскерлік ойын өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу.
- Оқушылардың пәндік олимпиадасын, интеллект ,білім сайыстарын өткізу.
- Пән бойынша сабақтан тыс іс-шаралар өткізу.
- Сабақтар, факультатив сабақтар, үйірме сабақтарына ену.

3.Өткен оқу жылына талдау.

4Пән бірлестіктің тақырыбы, мақсаты, міндеттері.

Бірлестіктің эниграфы:

Сөз өнерін меңгеру барлық адамға суреткер болу үшін емес, еш нәрсеге тәуелді болмау үшін керек.

Д. Родари

Бірлестіктің міндеті:

Қазақ, орыс, ағылшын пәндерін оқытудың мазмұнын анықтау, оқушыларға білімді шынайы өмірмен ұштастыра меңгерту.

5. Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің міндеттері.

№	Атқаратын міндеті	Уақыты	Жауапты
1	Пән бірлестігінің отырысын өткізу	Әр тоқсан	Ж. Ендибаев
2	Пән бірлестігінің шешімі және ұсынысының орындалуы, құжаттардың жүргізілуі.	Әр қашан	Ж. Ендибаев
3	Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысып, тәжірибелерінде қолдану.	Жыл бойы	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
4	Пән апталығын өткізу және оған дайындық жүргізу.	Кезінде	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
5	Конференция, семинар, дөңгелек стол, іскерлік ойын өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу.	Кезінде	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
6	Оқушылардың пәндік олимпиадасын, интеллект, білім сайыстарын өткізу.	Қазан, желтоқсан	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
7	Пән бойынша сабақтан тыс іс-шаралар өткізу.	10 күндікте	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
8	Сабақтар, факультатив сабақтар, үйірме сабақтарына ену.	Үнемі	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
9	Бақылау жұмыстарын өткізу	Әр тоқсан	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
10	Бақылау жұмыстарына талдау жазу, мониторинг жасау	Әр тоқсан	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
11	Кабинеттерге жасауға беру	Жыл бойы	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелері
12	Тәлімгерлік жүргізу	Үнемі	Ж. Ендибаев
13	Лекцияларды уәдесі	Әр тоқсан	Ж. Ендибаев
14	Сағаттарды бөлістіру	Тамыз	Ж. Ендибаев Бірлестік мүшелерімен
15	Хаттама жазу	Әр тоқсан	Ж. Ендибаев

Бірлестік жетекшісі: Ә. Ә. Ж. Ендибаев

Іс шаралар	Жауапты	уақыты
Мұғалімдердің атталық жұптөмесін анықтау	Бірлестік ұжымы	22.08.2022
Өткен оқу жылына талдама жасау	Бірлестік ұжымы	29.08.2022
1-жарты жылдық бойынша өндірістік жоспар жасау.	Ж.Ендибаев	29.08.2022
ҰМЖ, ОМЖ мен ҚМЖ жасау.	Ж.Ендибаев	29.08.2022
Пән бірлестік отырысын өткізу	Бірлестік мүшелері	29.08.2022
1 қыркүйек оқу күніне сабақтарына дайындық	Бірлестік ұжымы	29.08.2022
Пән кабинетін жаңа оқу жылына дайындау.	Кабинет менеджерлері	29.08.2022
Ахмет Байтұрсынұлының тілдер мерекелік кеші	Қазақ тілі мамандары	Қыркүйек
Оқушыны кітаптармен қамтамасыз ету	Кітапханашы	Қыркүйек
ҰБТ-да таңдау пәні бойынша оқушылар тізімін анықтау.	Бірлестік жетекші	Қыркүйек
Аудан тарапына ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу	Ж.Ендибаев	Үнемі
Ашық сабақтар шеруі	Бірлестік мүшелері	Қыркүйек
М.Ю.Лермонтов поэзиясы	Ж.Ендибаев	Қазан
Online тектер платформасында сабақтарды оту	Бірлестік мүшелері	Үнемі
Пән бірлестік жетекшілерінің отырысы	Ж.Ендибаев	Кезінде
Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Бірлестік мүшелері	Үнемі
Дарынды оқушылармен жұмыс	Бірлестік ұжымы	Үнемі
Оқушылар жұмыс дәптерінің ұқыптылығын өзара тексеру	Бірлестік ұжымы	Әр тоқсанда
Мұғалімнің шеберлігін арттыру	Бірлестік ұжымы	Жыл бойы
1 жарты жылдықта ашық сабақтар оту	Бірлестік ұжымы	Қараша - желтоқсан
А.С.Пушкин оқулары	Орыс тілі мамандары	Қаңтар
Абай оқулары	Қазақ тілі мұғалімдері	сәуір
Пәндік олимпиадаға дайындық	Бірлестік ұжымы	Үнемі
Мағжан оқулары	Қазақ тілі мұғалімдері	сәуір
Әдістемелік газет журналдарға жазылу	Бірлестік ұжымы	Үнемі
Газет журналдарға мақалалар мен жариялымдар жазу	Бірлестік ұжымы	Жыл бойы
Тәлімгерлік жүргізу	Бекітілген пән мұғалім және бірлестік жетекші	Үнемі
Тоқсан барысындағы бақылау, жазба жұмыстар диктант, шығарма сынақ графигін сызу.	Ж.Ендибаев	Тоқсан сайын
ҰБТ және ББЖМ дайындық нәтижелерін тексеріп талдау	Бірлестік ұжымы	Әр тоқсанда
Қазақ, орыс, ағылшын атталығын өткізу	Ж.Ендибаев	2-жарты жылдықта
Бірлестік мүшелері	Бірлестік мүшелері	Үнемі
Онлайн сайыстар мен байқауларға, қоғамдық жұмыстарға қатысу	Бірлестік мүшелері	Үнемі
Жаңа технология элементерінен пайдаланып ашық сабақтар өткізу	Бірлестік ұжымы	Тоқсан сайын
Пән бірлестік жетекшісінің есебі	Ж.Ендибаев	Сәуір
Аттестациядан өтетін мұғалімдер құжатын дайындау.	Ж.Ендибаев	Наурыз
Бірлестік мүшелері	Бірлестік мүшелері	Сәуір
Келесі жылда аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімін жасау, өзгеріс еңгізу	Ж.Ендибаев	Сәуір
Бірлестік мүшелері	Бірлестік мүшелері	Сәуір
Жаңа оқу жылына жоспар жасау	Бірлестік жетекші	Мамыр
Жыл есебін беру	Бірлестік жетекші	Мамыр

Бірлестік жетекшісі: Еңіс М. Ендибаев

Келес аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспарына сәйкес №21 жалпы орта мектебінде 2022 жылдың **05.09.-28.09** күндері аралығында қоғамдық – гуманитарлық (қазақ, орыс, ағылшын) пәндер әдістемелік бірлестігінің Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер күні мерекесіне орай, « Memlekettik til- Qazaqstan haluqtaryn biriktiretin til » тақырыбындағы айлық іс-шаралар жоспары

№	Мерзімі	Өтілетін іс шараның мазмұны	Жауаптылар
1	05.09.2022	Апталық туралы хабарлау ,іс-шарамен таныстыру “ Тілім – тірегім , соғып тұрған жүрегім “ , “ Тіл – достық дәнекері тағы басқа атты салтанатты жиын” , “ Мәңгілік елдің –мәңгілік тілі , “ Үш тілділік заман талабы “ . Тақырып . Шығармашылық галерея	Бірлестік мүшелері Сынып жетекшілер
2	06.09.2022	Сөзжұмбақтар ,сұрақтар, ребустар , кабырға газеттерін ілу .	Бірлестік жетекші Қазақ тілі Орыс тілі Ағылшын тілі пән мұғалімдері
3	07.09.2022	“Латын әліпбиі : жаңғыру жазудан басталады “ тақырыбында аудиодиктант жаздыру 8а,ә сыныптар	Андосова М Бірлестік жетекші
4	08.2022	“ Қазақстан халқының тілдері күні “ мерекесіне орай , “Тіл білгірлері “ зияткерлік – танымдық ойынын өткізу 7а,ә,б сыныптар	Пердебаева Л Андосова М Ермекбаева Л
5	09.09. 2022	“Туған тілім –елге мұра ұрпаққа ұран “(мәнерлеп оқу байқауы) 5-6 сыныптар	Ермекбаева Л
6	12.09.2022	"Тілге құрмет – елге құрмет " тақырыбында ЭССЕ жаздыру (9-11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы)	Пердебаева Л
7	13.09.2022	“Жаңа әліпби жаңа белеске шығарады “ тақырыбында 9-11 сынып аралығында дөңгелек үстел өткізу .	Пердебаева Л
8	14.09.2022	Шоу “Удивительное колесо“	Нурдиева Ш Сыдыкова А
9	15.09.2022	Урок –диспут. Роль русского языка в Казахстане	Сыдыкова А Раисбаева У Бірлестік жетекші
10	16.09.2022	Конкурс знатоков русского языка	Талипова З
11	19.09.2022	Музыкальный конкурс . Говорим и поём по-русски (3-4 сыныптар)	Омарова С Журабаева П
12	20.09.2022	Let`s speak English (3-4 сыныптар)	Бердалиев Ж
13	21.09.2022	Weather (тақырыбында сабақ 5а сынып) Welcome to the world of English (сайыс сабақ)	Амирова А Ендибаев Ж
14	22.09.2022	Prodigy games (7а,ә,б -сыныптар)	Айтимбетов А
15	23.09.2022	Polyglot (сайыс сабақ 8а,ә-сыныптар)	Уалиханов Н

Хаттама №1

№21 жалпы білім беретін мектебінің қоғамдық – гуманитарлық пәндер қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16

Күні: 29.08.22ж.

Күн тәртібінде

1. Өткен оқу жылына талдама жасау
2. Бірлестіктің жылдық жоспарын талқылау, сағат бөлісу
3. 2022-2023 оқу жылына күнтізбелік жоспарлар түзу, талқылау, бекітуге ұсыну
4. Дәстүрлі тамыз педагогикалық оқуының баяндамаларына талқылау жасау
5. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау
6. ҚР халықтары Тілдер күні мерекесіне іс- шаралар жасау, бекітуге ұсыну
7. ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жылдық жоспарларын талқылау, бекітуге ұсыну

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Ж. Ендибаев сөз алып, өткен оқу жылының қорытындысымен таныстырды. Өткен оқу жылында жоспарланған іс шаралар толық болмаса да 80 пайызға орындалды.

– Қыркүйек айына жоспарланған

ҚР. Тілдер мерекесі өз деңгейінде өткізу керек екенін алға тартты

– Жыл бойына жоспарланған пән апталықтары өз уақытында, өз деңгейінде өткізуді

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Ж. Ендибаев пән мұғалімдерінің апталық жүктемесімен таныстырды. Барлық қазақ тілі пән мұғалімдерінің апталық жүктемесі толық 16 сағаттан кем еместігін айтып өтті, және де орыс тілі мен ағылшын тілі мұғалімдерінің сағат жүктемелері де қанағаттанарлық екені айтылды.

Үшінші мәселе Күнтізбелік жоспарларының бекітірілуін ескертті.

Төртінші мәселе дәстүрлі тамыз педагогикалық оқуына барған пән мұғалімдер өздерінің пәндері бойынша өзгерістер мен жаңалықтарын ортаға салып талқылады.

Бесінші мәселе жаңа оқу жылына пән мұғалімдері өз ашық сабақтарының тақырыптарымен таныстырды, әрі кестесі жасалынды.

Алтыншы мәселе бойынша сөз алған Р.Анапияева ҚР Тілдер күні мерекесіне жасалған іс- жоспармен таныстырды, талқыланды, бекітіруге ұсынылды.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша пән бірл. жет. Ж.Ендибаев сөз алып, ҰБТ-ға, ББЖМ-ға жасалынған іс – жоспармен таныстырды.

Шешімі

1. Өткен оқу жылының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Күнтізбелік жоспарлар бекітіруге ұсынылсын.
3. Жаңа оқу жылына жоспарланған ашық сабақтардың өз уақытында, өз деңгейінде өтілуі пән мұғалімдері жауапкершілігіне жүктелінсін.
4. ҚР Тілдер мерекесіне жасалатын іс-шаралар өз уақытында, өз деңгейінде өтілуі қазақ, орыс және ағылшын тілі мұғалімдерінің жауапкершілігіне жүктелінсін.
5. ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындық жұмыстарын өз деңгейінде, жоспарға сәйкес жүргізу негізгі пән мұғалімдерге жүктелінсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж.Ендибаев.

Хатшы:

А.Айтимбетов .

Хаттамa №2

№21 жалпы білім беретін мектебінің қоғамдық – гуманитарлық пәндер қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16

Күні: 02.11.22ж.

Күн тәртібінде

1. I тоқсан қорытындысына талдау жасау
2. ҚР халықтары Тілдер күні мерекесіне өтілген іс- шаралары
3. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары барысы
4. Оқушыларды мектепшілік пән олимпиадасының нәтижесі
5. Жаңадан келген вакантты таныстыру

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі Ж. Ендибаев сөз алып, I тоқсан қорытындысында пән мұғалімдердің берген есебінде үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты сабақ барысында көбірек жұмыс жасау керек екенін айтып ескертті және тоқсанға қорытынды жасады.

II мәселе бойынша

Қыркүйек айында дәстүрлі «ҚР халықтары Тілдер мерекесі» талапқа сай атап өтіліп, қазақ тілі пән мұғалімдерінің өте жақсы өткенін айтып тоқталды және белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағазбен марапатталды. III мәселе бойынша ҰБТ-ға дайындық іс-жоспары дайындалып бекітірілген. Мектепшілік пән мұғалімдері екі аптада бір реттен, ал аудандық айына бір реттен байқау тесттері алынып, нәтижелері талқыланып отырылды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сабақ беретін пән мұғалімдеріне сөз берілді. Пән мұғалімдері өздері жүргізіп жатқан дайындық жұмыстары туралы есеп берді, іс-қағаздарымен таныстырды. Күн тәртібіндегі VI мәселеде оқушылардың мектепшілік пән олимпиадасы 17-21 қазан аралығында өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша 8а-сынып оқушысы Ақтөре А, 9 – сынып оқушысы Балтабай А. Ағылшын тілі бойынша 10-сынып оқушысы Юзбаева А. Орыс тілі бойынша 11-сынып оқушысы Еген Г жеңімпаз болды. Әр пән мұғалімдер мектеп ішілік олимпиаданың жұмыс нәтижелерін саралап айтып түсіндірді.

Жаңадан келген вакант ағылшын тілі пән мұғалімі Аликулова Мунира таныстырылды, оған педагогтік стажы 3 жыл болғандықтан тәлімгер бекітілмеді, себебі пән бойынша жұмыс жасаған.

Шешімі

1. I тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. ҰБТ ға дайындық жұмыстарын жандандыру пән мұғалімдеріне жүктелінсін.
3. Аудандық пән олимпиадасына оқушы дайындау пән мұғалімдерінің жауапкершілігіне жүктелінсін.

Жиналыс төрағасы:  Ж.Ендибаев

Хатшы:  А. Айтимбетов

Хаттама №3

№21 жалпы білім беретін мектебінің қоғамдық – гуманитарлық (қазақ , орыс , ағылшын) пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16

Күні: 06.01.2023ж.

Күн тәртібінде

1. I жартыжылдық қорытындысы
2. ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық барысы туралы
3. Қазақ әдебиетінің оқытылуы туралы
4. Орыс тілі пәнінің оқытылуы туралы
5. У.Райсбаеваның шығармашылық есебі

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Ж.Ендибаев сөз алып, I жартыжылдық қорытындысына талдау жасады. Талдау жасау барысында мектебімізде Тәуелсіздік күні жақсы атап өтілгенін айтып тоқталып II тоқсанға қорытынды жасады .

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық іс-жоспарларын көрсетіп мұғалімдер таныстырды . Аптасына бір реттен байқау тесттері алынып, нәтижесі талқыланып отырылды. ОЖСБ-ға дайындық жұмыстары жүргізілуде, нәтижесі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Осы тест мәселесі бойынша негізгі пән мұғалімдері сөз алып, дайындық жұмыстары барысымен таныстырды. Р.Анапияева , У.Райсбаева, Н.Уалиханов іс-қағаздарымен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша пән бірлестік мүшесі Р.Анапияева сөз алып Б.Майлиннің туылғанына 128 жыл толуына байланысты ақынның шығармаларынан және өлең шумақтарынан үзінділерін думан залында аталып өтілді. Бірлестік жетекші Ж. Ендибаев орыс тілі пәнінің оқытылуымен таныстырды: 7,8,9,10-сыныптардағы орыс тілі пәнінің оқытылуы тест тапсырмалары арқылы тексерілді және үлгермей жатқан оқушылармен қосымша жұмыс жасау керек екенін айтты.

Төртінші мәселе У.Райсбаеваның шығармашылық есебі тыңдалды. «Ойындар арқылы орыс тілін меңгерту» атты баяндамасы тыңдалды. Пікір білдірген Р. Анапияева баяндаманың шикілеу екенін айтып, жетілдіруді ұсынды.

Шешімі


1. I жартыжылдық қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарын жандандыру пән мұғалімдерге жүктелісін
3. Орыс тілі пәнінің оқытылуы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
4. У.Райсбаеваның баяндамасы әлі де толықтырылсын.

Жиналыс төрағасы:



Ж. Ендибаев

Хатшы:



А. Айтимбетов

Хаттама №4

№21 жалпы білім беретін мектебінің қоғамдық – гуманитарлық (қазақ , орыс , ағылшын) пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16

Күні: 27.03.2023ж.

1. III- тоқсан бойынша қорытынды.
2. PISA-ға дайындық жұмыстарын қолға алу
3. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының барысы
4. ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Ж. Ендибаев сөйледі. II- қорытындысына талдау жасады. III тоқсан бойынша 2-11 сыныптарда жоспарланған тақырыптар орындалды, білім сапасы орташа болды. Бірлестіктің тоқсандық мониторингісі шығарылды. Бақылау жұмыстары алынды. БЖБ және ТЖБ жұмыстарының талдауы және модерациясы жасалды. Екіге жазған оқушылар жоқ. Бағалар әділ қойылған. Қатемен жұмыс жасалған.

2 мәселе бойынша орыс тілі мұғалімі Талипова Злиха апай сөйледі. Ол PISA-ға мектептегі 15 жастағы оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілуі керектігін және күнделікті сабақтарға PISA- тапсырмалары енгізіп отырылуы керектігін айтып өтті.

3 мәселе бойынша Ендибаев Жанболат ағай сөз алып, 11 сыныпта ағылшын тілінен ҰБТ-ға таңдау пәнінен таңдалмағанын айтса, қазақ тілі пән мұғалімі Лаура Пердебаева Дайындық жұмыстарын айтып тоқталды. ӘБ жетекші бірлестігіміздің жетістіктеріне де тоқталды. Қазақ тілі пән мұғалімі Андосова Меруерт апайымыз ауданнан құрмет грамотасы алғанын айтты.

4 мәселе бойынша ББЖМ –ға дайындық жұмыстарын әр пән мұғалімдері өз сабақтарында тапсырмаларды негізге ала отырып, жұмыс жасағандарын айтты және сабақтарды тест жұмыстарын талдап, қатемен жұмыстарын жүргізгендеріне тоқталды.

Шешімі :


1. Талдау жұмыстарында төменгі нәтиже көрсеткен оқушылармен пән мұғалімдер қосымша жұмыс түрлерін ұйымдастырсын.
2. PISA-ға дайындықты бастау, сабақ барысында PISA тапсырмаларын енгізіп отыру.
3. ҰБТ-да оқушылармен қосымша жұмыстар жандандырылсын.
4. ББЖМ-ға ағылшын тілі пәнін қосымша дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:



Ж. Ендибаев

Хатшы:



А. Айтимбетов

Хаттама №5

№21 жалпы білім беретін мектебінің қоғамдық – гуманитарлық (қазақ, орыс, ағылшын) пәндер әдістемелік бірлестігінің кезектегі отырысы болып өтті.

Қатысқандары: 16

Күні: 29.05.2023ж.

Күн тәртібінде

1. №4 хаттама шешімінің орындалуы
2. II жартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі
4. 9-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау
5. ӘБ жұмысына сараптама талдау
6. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Ж.Ендибаев сөз алып №4 хаттама шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша II жартыжылдық қорытындысына талдау жасады.

Үшінші мәселе бойынша Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты аптасына бір реттен тапсырма беріліп, байқау тесттері алынып, нәтижесі талқыланып отырылды, нәтижесі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Осы мәселе бойынша негізгі пән мұғалімдері сөз алып, дайындық жұмыстары барысында 50 пайызға өзгеріс болғанын айтты. Орыс тілінен 9сынып оқушысы Балтабай Ақнұр ауданнан 1-орын жетекшісі Райсбаева Улбала, қазақ тілінен 8-11сынып оқушылары арасында «Әбіш оқулары» байқауында ауданнан III-орын жетекшісі Андосова Меруерт. Қазақ әдебиетінен «Поэзия әлемі» байқауында ауданнан II-орын алғаны айтылып құттықтады.


Төртінші мәселе бойынша пән бірл. жет. Ж.Ендибаев 9-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындықты таңдаған сыныптармен жүргізілген жұмыс жоспарын сұрады.

Бесінші мәселе бойынша ӘБ жұмысына сараптама талдау жасап пән бірл. жет. Ж.Ендибаев 2022-2023 оқу жылында жақсы нәтижеге қол жеткізген жетістіктерді атап өтті.

Шешімі

1. №4 хаттама шешімінің орындалуы «жақсы» деп табылсын.
2. II жартыжылдық қорытындысы «жақсы» деп табылсын.
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі «жақсы» деп табылсын.
4. 9-11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау «жақсы» деп табылсын.
5. ӘБ жұмысына сараптама талдау «жақсы» деп табылсын.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:

 Ж. Ендибаев
 А. Айтимбетов